

Ұлы Социалистік Халық Ливия Араб Жамахириясында Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын ашу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 2 сәуірдегі N 1337 Жарлығы

Қазақстан Республикасының халықаралық және ұлттық мүдделерін ескере отырып, әр түрлі салалардағы қазақстан-ливия ынтымақтастығын нығайту және дамыту мақсатында қаулы етемін:

1. Триполи қаласында (Ұлы Социалистік Халық Араб Жамахириясы) Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясы ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті